

ӨЗЕН

ЖЫЛ

№10 (67) қазан 2021 жыл

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ



Сүйінші

«БАЛАҚАЙДА» АЛТЫНШЫ БАЛАНЫҢ ТҰСАУЫ КЕСІЛДІ

«Балақай» орталығында Абылай Рахметулла есімді алтыншы баланың тұсауы кесілді. Абылайға «атоника-астатикалық түрдегі ДЦП» деген диагноз қойылған болатын.

Білікті мамандар Жазира Бөрекешова мен Ақмарал Сабырованың тынымсыз еңбегінің арқасында 2 ай ішінде баланың беті бері қарап, аяғына тұрды. Балақайдың тұсауын «ӨзенМұнайСервис» ЖШС директоры Қанағат Мыңтұрғанов кесті. Алғашқы қадамын жасаған балдырғанға арнап бір топ азаматтар жылы лебізін білдіріп, ақ жол тіледі. Аталған серіктестікте бұрғышы көмекшісі болып қызмет атқаратын баланың әкесі Нұрлан Мұхамед орталық мамандарына отбасы атынан шексіз алғысын білдірді.

Ақылман Әбіш Кекілбай айтқандай, «бір-біріне қайырымды, ағайынгершілікті ту еткен қауымға ғана тәңірдің өзі көмектеседі». Дүниенің шырқы бұзылмай тұрғаны қайырымды жандардың арқасы екені сөзсіз!





№5 СҚКБ-да цехаралық жарыс өтті



Ерлан Қарсақбаев бастаған жігіттер, Жаңаөзен қаласы бойынша белгілі ойыншы Ербол Тұрсабеков бастаған №5 автотізбектің жігіттерімен финалда кездесіп 3:2 есебімен ұтып бас жүлдені иемденді. Жеңімпаздарға Диплом, кубок, медаль табысталды. Жұмысшылар өз тарапынан шара ұйымдастырушысы басқарма басшылығы мен әлеуметтік бөлім қызметкерлеріне үлкен алғыс білдірді.



№5 СҚКБ-да өткен цехаралық жарысты басқарма директоры Ж. Әзбергенов пен бас инженер А. Мәуленбаев ашып, еңбек ұжымын автокөлік қызметкері кәсіби мерекесімен құттықтады. Мұнайшылар өзара спорттың қол күрес, зіл тас көтеру, арқан тарту түрінен жарысты. Мұнайшы желаяқ қыздар қатысқан эстафета жанкүйерлер делебесін қоздырды. Р. Өтесінов атындағы спорт кешенінде ерлер арасында жүзу мен шағын футболдан сайыс ұйымдастырылды. Жарыс

нәтижесі бойынша №3 автотізбектің құбыртасығыш жүргізушісі Асқар Ерубаев зіл тасын 53 рет көтеріп, жүлделі 1-орынға ие болды. Қол күрестен №1 автотізбектің СИН-35 машинисі Қыдырбақыт Аймүкенов, жүзуден №2 автотізбек АЦН жүргізушісі Сұлтан Қайдауылов бас жүлдені жеңіп алды. Командалық есеп бойынша, №1 автотізбекке қарсы тұратын команда табылмады. Атап айтсақ Қ. Аймүкенов бастаған жігіттер арқан тартудан 1-орынды жеңіп алса, шағын футболдан



Дені саудың-жаны сау

Цехаралық жарыс мәресіне жетті



Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына және ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы Жеңіс Жарылғаповты еске алу құрметіне МДЖӨҚБ-ның цехтары арасында спорттық шаралар өтті. Мұнайшылар денсаулығын нығайту, спортпен шұғылдануға ықпал ету, жұмысқа деген ынтасын арттыру мақсатында өткізілген турнирге басқарма жұмыскерлері

белсенділікпен қатысты. Алдағы уақытта үздік ойыншыларды қалалық, басқармааралық өтетін спорттық шараларға қатыстыру жоспарланып отыр.

Сонымен Рақмет Өтесінов атындағы дене шынықтыру және сауықтыру спорт кешенінде үстел теннисі (ерлер), дойбы (әйелдер), жүзу, футболдан, ал №1 МГӨБ шаруашылық кешенінде арқан тартудан сайыс өтті. Жарысқа ӘӘҚБ бастығы, ұйымдастыру алқасының төрағасы Р. Құлмағамбетов, кәсіподақ ұйымы төрағасы, ұйымдастыру алқасының төрағасы Қ.Өмір, тұрмыстық-шаруашылық кешені учаске бастығы, ұйымдастыру алқасы төрағасы Р. Амандықов қазылық

етті.

Жарыстың жекелей спорт түрі бойынша жеңімпаз атанған ойыншыларға Диплом және ақшалай сыйлық табысталды. Жарыс нәтижесінде жалпы командалық есеп бойынша I орынға №2 Мұнайды судан алдын ала айыру, II орынға Мұнай дайындау және жөнелту, III орынға Мұнайды тасымалдау және жабдықтарды жөндеу цехтары лайық деп табылды.





Дәрумен



Жайдарман қуаныш сыйлады

«Мұнайшы» мәдениет сарайында ҚР тәуелсіздігінің 30 және қаламыздың 53 жылдығына орай «Жаңарған қала-Жаңаөзен» атты жайдарман ойны болып өтті. Тоғыз команда қатысқан ойында 1-орын Теңге кенті жас мұғалімдері, 2-орын «Не хабар», 3-орын екі командаға «Татьяна», Маңғыстау облыстық медицина колледжі құралған команда үлестеріне тиді. «Не хабар» командасы ойыншысы Нұрғали Байдулла «Үздік ойыншы» номинациясына ие болды.

«Қай заманда да жаңалық атаулының жаршысы, елдің белсенді де креативті бөлігі жастар. Сахнада өнер көрсеткен тапқыр да талантты ойыншылар маңызды ойды әзіл-күлкі арқылы жеткізе білді. Ойын арқылы әзілді түсіне білу керектігін ұқтырған жайдарманшыларға алғыс білдіремін»-деді қала әкімі Мақсат Ибағаров.



Құрмет

Ардагер мұнайшылар ұлықталды



«Мұнайшы» мәдениет сарайында Өзен кенорны дамуына орасан зор үлес қосып, ерен еңбек еткен ардагер мұнайшылар туралы жазылған бес кітаптың тұсаукесері аясында ардагер мұнайшы Ақжан Қадымқызының 70 жылдық мерейтойы аталып өтті.

Мерейтой иесіне компания бас директоры құттықтауы мен түрлі-түсті теледидар табысталды. «Мұнайшы» қоғамдық қорының Маңғыстау облысы бойынша төрағасы Аманжан Өтесінов Ақжан Қадымова, Аманкелді Кылышбаев, Тыныштық Базарбаевты марапаттап, салтанатты шараға жиналған көпшілікті ҚР тәуелсіздігі 30 және Маңғыстау мұнайы 60 жылдығымен, Жаңаөзен қаласы күні мерекесімен құттықтады. Кітап авторлары Мейрамбай Қибасов, Үміт Жәлекеқызы, Қаламқас Шүйішбекқызы, Меңдеш Салықов, Олег Герштанскийге бас директордың Құрмет грамотасы берілді.

Мұнай саласының өркендеуіне қомақты үлес қосып, ел экономикасының дамуына атсалысқан Өздеріңізді құрмет тұтып, сыйлау-біздің парызымыз. Қиын кезеңде мұнай барлау, оны бұрғылау сияқты қол жұмысын көп керек ететін нағыз азапты жұмысқа шыдап, өлкенің қатаң ауа райы мен адам төзгісіз тұрмыстық ауыр жағдайға қарамастан Отан үшін ерен еңбек Сіздерге басымызды иіп, алғыс айтамыз»-деді бас директордың транспорт және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі орынбасары Айтқали Бәшенов.



АСТАНАЛЫҚ ҚОНАҚ «БАЛАҚАЙ» ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ



ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Жастар және отбасы істері комитеті Отбасы саясатын үйлестіру басқармасы бас сарапшысы Айжан Мұхамбетқалиқызы мен «Нұр Отан» партиясы Жаңаөзен қалалық филиалы төрағасы орынбасары Айсұлу Исаева «Балақай» оңалту орталығында қонақта болып, орталық тыныс-тіршілігімен танысты. Невролог дәрігері Баян Садықова іссапармен келген елордалық қонақ сұрақтарына тұщымды жауап берді. Ізгілік салтанат құрған, ынтымағы жарасқан қоғамның ғана өрге басатынына, өркениетті қоғам өлшемі-бір-бірімізге көрсететін мейірім, қамқорлық, жылы қарым-қатынас екеніне тоқталып өткен Айжан Мұхамбетқалиқызы орталық жұмысын жоғары бағалап, мамандарға шексіз алғысын білдіріп, ем қабылдап жүрген балалардың әкешесіне сабыр тіледі.





Маңғыстау мұнайына 60 жыл



Түбекті



Тұрсынғали Көшенұлы

Тұрсынғали Көшенұлы - Адайда аты белгілі Өсербай болыстың немересі. Ал Өсербайұлы Көшен болса -туысы Қашағаннан бастап, ақындардың, елдің маржан сөздерін, асыл мұраларын кейінгіге жалғаған адам. Марқұм ғалым Қабиболла Сыдиықұлына Қашағанның кескін-кейпін ауызша айтып, суретшіге салдырған да осы Көшекең.

Көшекең әулетінен ұзап шығып, білім алған-Түрекең. Тұрсынғали Көшенұлы Баку қаласындағы М.Азизбеков атындағы политехникалық институттын бітірген маңғыстаулық алғашқы барлаушы-инженер. Жетібай кенорнын ашушы барлаушыларының бірі. Бірнеше кенорындардың тарихында Түрекеңнің айшықты іздері жатыр...

Түрекең қазып, мұнай-газ тапқан жер қойнаулары: Сазтөбе, Шөмішті, Нысановский, Комсомольский, Гасанский, Өліқолтық, Жетібай, Тасбас, Қарамандыбас, Оймаша, Доңға, Қаламқас, Қаражанбас, т.б.

60-жылдары жаңа алаңға бару қажеттігі туса - ең алдымен Түрекең шығатын. Қарағия терең бұрғылау экспедициясының бастығы, ұңғыларды сынау және бекіту конторының, кейін Оңтүстік Маңғыстаудың Ақсу-Кендірлісін барлайтын арнайы экспедициясының бастығы болды. Оңтүстік Үстіртке барлау бастығы болып барды.

Қазір Ақсу тұсынан 60 шақырым теңіз ішінде ірі мұнайлы-газды алаңның бары белгілі болып отыр. Оның барлығын сол жылдары болжап айтқан - Түрекеңдер еді!...



Қуан Қазиев

Қуан көзін тырнап ашып, ес білгеннен мұнай саласында абыройлы еңбек етіп, ел ықыласына бөленді. Аз сөйлеп, көп іс тындыратын, өз ісінің шебері Қуан 1965-жылы Мәскеудегі мұнай-газ институтын сырттай оқып, бітірген соң, «Еңбек Қызыл Ту» орденмен марапатталады. Бүкіл қажыр-қайратын елі игілігі үшін арнаған еңбекқор Қуанның ғибратты ғұмыры өскелең ұрпақ үшін үлгі-өнеге.





ТҮЛЕТКЕНДЕР



Дүйсен Үсенов

Үйдің кенжесі Дүйсеннің жастық шағы 37-нің зобалаңымен тұспа-тұс келді. Анасы Мақпал 13 құрсақ көтерді. Бұрғылауда мол тәжірибе жинаған кәнігі маман Атыраудан Маңғыстауға жол тартады. Азамат жанкештілікпен еліне қызмет жасады. Жасынан еңбекқор, өмірдің ыстық, суығына төселіп өскен Дүйсен өз заманының еңбек ері болатын. Ол кісі уақытпен санасу дегенді білмеді. Демалыс дегенді білмеді. Бір сөзбен айтқанда, Отанды сүйген, еңбекпен өскен, қайратты жан. Өнегелі өмір иесі Дүйсен Үсеновтің есімі елі тұрғанда ұмытылмайды.



Хасан Тәжиев

Балалық шағы Байшонас өңірінде өтті. Талапты жігіт анау-мынау емес Мәскеуге жол тартты. Үлкен қаладағы 5 жыл өмір Хасанды әбден шыңдап шығарды. Маңғыстау мұнайын алғашқы ашушылардың бірі-Хасан Тәжиев білекті сыбанып, жемісті еңбек етті. Іскер азаматқа 1959-жылы «Құрмет», 1974-жылы «Еңбек Қызыл Ту» ордені табысталды. 1981-жылы «Қаз КСР-інің еңбек сіңірген геолог-барлаушысы» төс белгісін алды. Үлкен рухты адам бейнесі ешқашан аласармасы анық.



Салық Ырысқалиев

Әке-шешесі өмірден ерте кетіп, отбасы тауқыметі Салықтың мойнына түседі. Бұғанасы қатпастан ауыр еңбекке араласқан Салық еңбекқор болып өседі. 1948-жылы Илаш есімді бойжеткенге үйленіп, шаңырақ көтереді. Ол әуелі балықшы кәсібін меңгереді. Жары 37 жасында өмірден өтіп, Салық 4 баламен төсек жаңғыртады. Аты аңызға айналған киелі Маңғыстауға қоныстанады. Қатал мінезді, бораны бетке соғып, аязы денені қаритын Маңғыстауды игеру оңайға соқпады. Жігерлі азамат осында үй болып, жаңа өмірдің есігін ашды. Еңбекпен аты шыққан, бағы Маңғыстау мұнайында жанған Салықтың есімі Өзен кен орны тарихында үлкен әріппен жазылды.





Мұнайшылар шығармашылығы

Обидно

...Жас кезімізде буровойда жүргенде талай қызығы да, шыжығы да мол күндер өтті ғой. Солардың кейбір тұстарын еске алғанда қазіргі кезде күлкің келеді, ал сол тұста қандай сезімде болғанымды, жазбамның тақырыбын неге осындай қылып қойғанымды, жазбамды оқығанда түсінерсіңдер.

Ертеректе, Түбіжіктің маңындағы бір бұрғылау қондырғысын іске қосу үшін арпалысып жаттық. Жылдың аяғы, желтоқсан айының да аяғына тақау мезгіл, ауа-райы да онша емес, қар қалың, сықырлаған сары шұнақ аяз жалап тұр. Мәлік Шотеавтың бригадасы. Түбіжіктің ескі поселкесінің жұртынан сәл бөлектеу жерде вагондардан құралған орталық поселкеміз, асханамыз бар. Қазіргі іске қосайын деп жатқан бұрғылау қондырғымыз қысқартылған (төменгі блогы жоқ, тек У8-6 деген бір насоспен жұмыс жасайтын), тайыз тереңдікке қазатын, шолақ 3Д-76 қондырғысы. Жоғарғы блокта В2-450 деген 3 дизель бар, сол дизельдердің күшімен жасайтын бір насосы бар, У1-Д6 деген шамалылау электростанциясы бар, көшіп-қонуы жеңіл қондырғы. Бұрғылау қондырғысымен бірге жүретін, вахта тамақ ішетін, әрі бұрғылау шебері отыратын культбудканың есебіндегі, әскери машиналардың үстінде болатын шағын ғана будка бар. Ол будкаға адам тіке кіре алмайды, екі бүктетіліп, тауықтардың кетегіне кіргендей болып кіре аласың. Сол қыс әлемет қарлы болды, қар болғасын «бір елі қардың екі елі аязы болады» дегендей аязы да қатты болды. Бір қызығы, сол аймақта қыс жыл сайын ерекше болатын «коридор» бар. Бірақ жел жоқ, тымық ауа, айнала көз жеткен жерге дейін аппақ қар жамылған маң дала. Күрткі қардан машина жүре алмайтын болғасын, орталық поселоктен трактордың артына сүйретпе (қолдан жасап алған салазка шана) тіркеп, соның үстіне манағы шағын будканы орнатып алып, вахтаны сол сүйретпемен тасимыз, өзіміз де солармен бірге таң атар, атпастан қондырғы басына вахтамен бірге барамыз. Мұнара құралдаушылар жұмысын бітіріп, қондырғыны бізге тапсырып кетті. Ендігі жұмыс қондырғыны іске қосу. Жанталасып жұмыс жасаудамыз. Бұрғылау шебері Тоқтағанов Қаржау ағамыз (ол ағамыздың осы бригаданда қалай жүргенін түсінбей отырмын), бас механик Жалғас Тастаев, жөндеу бригадасының бригадирі Есқалиев Мұратәлі, мен. Жөндеу бригадасы: Өтепов Жалхан ағамыз, Пчелинцев Леонид, дәнекерлеуші Владимир Саенко, тағы бірер адам

бар (аттарын ұмытыппын) және бұрғылау бригадасының бір вахтасы. Құдай қойса, жоспарымыз бойынша, бүгін электростанцияны қыздырып, жоғарғы блоктан (өзі бар болғаны бір блок қой) бір дизель жіберіп, тальблок көтеріп... дегендей дайындық жұмыстарын аяқтап, түнгі вахтамен қазуға кіріспекшіміз. Бірнеше күннен бері, күні-түні тынбастан, аязбен, борап жауған қармен арпалысып, ұйқы көрместен жасаған жұмысымыздың нәтижесін көретін күн - осы күн. Бүгінгі күн тамаша болып тұр, күн жарқырап шығып, лүп еткен жел жоқ, шыңылтыр аяз ауаны кереметтей қылып тұр. Бұрғылау қондырғысы түгелімен аппақ қарға оранған, жаңа жылдық шыршасияқты қалың қырауға оранып жарқырап тұр. Қалың қырау жаппаған ештеңе қалмаған, талевая оснастканың барлығы ақ қырауға оралған. Бүгін жоспарымыз іске асса, айлық жоспар да, жылдық жоспар да орындалатындай үміт бар. Барлық жоспар осы қондырғының уақытымен іске қосылуына қарап тұрғанын бәріміз де сеземіз. Иықтарымызда осындай ауыр жүк бар.

Оның үстіне күніне бірнеше рет рациямен Ералиевтен басшылар да миымызға құйып жатырғаны айтпаса да түсінікті ғой. Содан таңертең келе электростанция мен бір дизельді қыздыруға кірістік, басқа жұмыстар өз реттерімен жасалып жатыр. Түске таман бұл жұмыс та өз жемісін берді, тоқ та берілді, дизель де қызды. Енді сәл де болса орталық поселоктен аспаздар термостарға салып жіберген тамақпен бой жылытып ауқаттанып алып, түс қайта «біссімміләмізді» айтып тальблокты көтеру қалды. Өзіміз мініп келген тауық қора сияқты шананың үстіндегі будкамызды жерге түсіріп, тоққа жалғап, ішіндегі тоқ пешті қосып қыздыруға кірістік. Қаржекең (Тоқтағанов), Жәкең (Жалғас), Мұратәлі, мен болып будканың ішіне кіріп алып, шай қайнағанша ортадағы столдың үстіне картты жайып тастап, сол кездегі бір модный пасьянсты, картамен бал ашқандай қылып, ашып жатырмыз. Пасьянсты ашқандағы мақсатымыз, бүгін түнгі вахтамен қазуды бастаймыз ба, әлде... қалай болады дегендей ғой.

Буровойда жүргенде біздердің барлық ақыл-ойымыз, мақсатымыз тек жұмыс жайында болады, ауылды, үйді, бала-шағаны, семьяны

мүлдем ұмытамыз. Құдайға шүкір, ол заманда біз алаңдайтын ештеңе де жоқ, бізде барлығы да болды, балабақша да, үй-жай да, тамақ та, жұмыс та, еңбекақы да (аванс, получка, премия), еңбек демалысын алсаң кавказдағы курорт та, тек алаңсыз жұмыс жасау керек. Сондықтан да біздер еш алаңсыз, тек буровойды ойлайтынбыз. Содан барлығымыз, тіпті киімдерімізді де шешпестен (вагон даламен бірдей салқын еді, әлі жылына қоймаған), бет-аузымыз, қолдарымыз факельден шыққан түтінмен ысталған күйе-күйе, май-май болып столдың үстіне пасьянсты ашып жатырған Жәкеңнің (Жалғастың) қолындағы карттардың орналасуына бар зейініміз ауып үңілудеміз. Құдды, сол пасьянстың ашылуына алдағы тағдырымыз байланып қалғандай болып. Будканың іші көк түтін, бәріміз де темекіде өшіміз қалғандай сорғылаудамыз. Осылайша барлық есілдертіміз Жәкеңнің карт ашып жатырған қолы мен пасьянсқа ауып кеткенде будканың есігі «тарс» етіп ішке қарай қатты соққыдан ашылмасы бар ма. Мәссаған, есімізді жиып есікке қарасақ, есіктің арғы жағында Қуекең (басшымыз Қуан Қазиев) мен Хасекең (КЭ «МНГР»-дің бас инженері Хасан Тәжиев) тұр. Екеуінің үстінде шолақ тон, оның сыртынан киген сары түсті жел өткізбейтін плащ, аяқтарында геологиялық етік, бастарында құлақшын... Екеуінің де бойлары шамалас, аяқтарын талтайтып, екі қолдарын артқа қайырып тәлтиіп тұр. Қуекең алдында, есікті теуіп ашқан сол екен, Хасекең артында. Біздер не болғанымызды білмей үрпиісіп тұрмыз, карт жатыр столдың үстінде жайрап, күлсалғыш ретінде пайдаланып жүрген 0,5 литрлік банка темекі тұқылына толған, будканың іші көк түтін (топор можно вешать). Картина өте «керемет» еді.

Қуекең:

- Хасеке, мыналарды қараңыз, біздер бұларды жұмыс жасап жатыр деп жүрсек, бұлар жиналып алып карта ойнап жатыр. Бұларға сеніп «метр-проходка» аламыз, жоспар орындаймыз деп жүрміз ғой. Әй, иттер-ай, иттер-ай... демесі бар ма (сықыртып боқтап жатыр ғой, оларды жазбадым, көп нүкте қойдым. Қуекеңді жақын білетін «детсадтың балалары» қандай боқтаулар екенін жатқа білеміз)

Айтса айтқандай еді. Доказа-



Бекөн әл-Сағыз

тельство налицо! Біздер тұрмыз цирктегі клоундар сияқты бет-аузымыз күйелеш-күйелеш болып, бастарымыз салбырап, көк түтіннің ішінде. Айтарға сөз жоқ. Қаншама күннен бергі ұйқысыз, күлкісіз, демалмастан жасаған жұмысымыз «коту под хвост» кетті. ОБИДНО (бұл Пчелинцев Леханың сөзі). Сәлден соң Қаржекең (Қаржау Тоқтағанов ағамыз, үлкеніміз ғой) барлық жағдайды байыппен түсіндірді ғой. Басшылар да түсінді. Олар да тап осы Түбіжік алаңында жастық шағын өткізген, талай құқайды бастарынан өткерген мықтылар ғой. Екеуі мінген Уаз жеңіл көлігі күрткі қарға батып қалып, біраз жерден екеуі жаяу келген екен (алдарынан шығып қарсы алмағасын, трактор жіберіп жеңіл көлігін сүйретіп көмек бермегесін, соның да ашуы бар шығар). Сондықтан да біздер машина даусын естімеппіз. Қардың қалыңдығын, аяздың сықырлап тұрғанын, жұмыстың қиындықпен жүріп жатқанын көрді, байқады, өздері де күрткі қарға малтығып жаяу жүрді дегендей. Басшылар кетті, қондырғы іске уақытымен қосылды, жоспар орындалды.

Әрине, біздер де ол кезде жас едік, талай нәрселерді бүлдірдік. Бірақ жұмысқа адал едік, күн-түн демей, уақытпен санаспай, қиындықтардан қашпай, бел шешіп ұйықтамай жасайтынбыз. Талай қиындықтарды осындай жанқиярлық еңбекпен, жастық жалынмен жеңдік те ғой. Ал буровойда, өндірісте бәрі өз ретімен, жоспар бойынша жүріп жатқанда «тәртіп бұзып лағып» кететін кездеріміз де болып тұратын. Қуекеңнің қасында біздер баласы сияқты едік, талай біздердің тентектіктерімізді кешіріп ұрысқанда «өңкей детсад» деп боқтайтын. Біздерді жақсы түсінетін, талай тентектіктерімізге кешіріммен қарайтын. Есесіне біз де ол басшымызды ұятқа қалдырмауға барымызды салатынбыз.



Поэзия

Адамдар

Жабырқайсың жаныңа жара түсіп,
Барма еді бір жан жүретін ара түсіп?
Уақ-түйек жаныңды жаралайды,
Болмашыға көңілің қалады өсіп.

Күндер-дағы барады қарайламай,
Күн шықпайды елеулі арайламай.
Пішіп кесіп жатамыз біреу жайлы,
Сәл кідіріп қарайламай, абайламай.

Адам жаны әрқашан нәзік қылдан,
Қымбат еді не деген Адам тұлғаң.
Біреулердің сыртынан сүйсінеміз,
Жүректегі оятын сезім тұнбаң.

Санасан да жат - ау деп сыры белек,
Жүрген жок па өмірді жырға бөлеп.
Сүймесең де жарыңдай жалғызыңдай,
Сыйлау керек ол дағы мендей-ау деп.

Сезімдерге дүние тұр-ау бугіп,
Қателесіп аламыз кейде төгіп.
Жаралғандай дүние өзге үшін,
Тәлкегіне тағдырдың кетпеші көніп.

Өзге де өзің өзге болып көрінесін,
Өзгелердің бақытынан көрінесің.
Жүрегінде не болса ортақ бізге,
Мейірім болса мейірімге беленесің.

Уа тағдырым допша мейлің, домалат,
Бірақ деме енді қайтіп оңалат.
Күнде пәле жабысқанмен денеме,
Ой сезімдер топан-топан жамалат.

Кайғы маған әсте ауыр болып па?
Жолық мейлің жолықпасаң жолықпа.
Ертеңгілік өзімді-өзім ұмытып,
Әлем кезіп ойым кетер жорыққа.

Шаршамастай бекіп алған жанмын мен,
Шалдыққанда ой сезіммен алдым дем.
Уа, тағдырым, осал жаның мен емес,
Басымды иіп ит құсына болар жем.

Көз көресің
Көңіл сергек
Өзгересің
Дәмі бөлек

Татасың да
Танып естен
Жатасың ба?
Жанып іштен

Бір туасың
Бір өлесің
Мың тумайсың
Мың өлесің

Бұл өзімнің қолым емес,
Аяғымда жат біреудің аяғы.
Сонда-дағы қан қақсайды,
Тиіп кетсе кездейсоқ жан таяғы.

Жынды болсам, болсам егер есірік,
Кетерем-ау жын соққандай есіріп.
Сезімді, төзімді өзім дейім,
Жүрегімде ұлы ойлар сезіліп.

Сонда ғана билік беріп қолыма,
Қадам басам жомарттықтың жолына.
Өзім болып, сезім болып тыныстайым,
Ұлы елдің сорында емес жолында.

Қуанасың біреу үшін мәз болып,
Өз күшіндей санайсың біреу күшін.
Жаратқанғ ой біздерді о бастан-ақ,
Білу үшін өмірді сүю үшін.

Білгнніңнен көп әлі білмегенің,
Сүгеніңнен көп әлі сүймегенің.
Жанарыңды жасқа бір шыламансаң,
Өмір сырын әліде түймегенің.

Қиындықсыз адамда болама сын,
Қорықпасаң көрінбес түндерде жын.
Өтірік бар шындық бар арасы бар,
Бес елі кейде аз болар бір ғасырғы.

Қарау керек дурыстап күнге де ерек,
Туған жерде жер кәдімгі емес бөлек.
Тартылыс күш тартып-ақ жатсын мейлі,

Шығару керек биіктен көру керек.

Тоғысқан бір мың сан жол торабында
Өз жолыңа дұрыстап қарадың ба?
Өз-өзіңді айнадан көру бөлек,
Өз-өзіңнің шыныңды айтшы сынадың ба?

Тірлік қамы өмір дәмін татып жүрген,
Бақытта мол мұңыңда артық жүрген.
Қарталысында бір ғасырдың өтіп жа-
тыр,
Белгісіз боп бүкіл қала бүкіл әлем.

Сен салған жол тағдырыма бұл деген,
Мен бір жанмын тұманды жол іздегн.
Өтіп жатыр, көктемдер де күз деген,
Жан дауысын жүрегімнің сезбеген.

Сен салған жол қиясы бар қыры бар,
Аққулардың сағынышын кім ұғар.
Айым болып көгімде сен тұрып ал,
Көрмей-ақ қой мені бір күн жығылар.

Құс жолы тұр сайрап көкте шақырып,
Түнде бар да күндіз ізін жасырып.
Сен салған жол ала бөтен жанымда,
Жүрегімде қалған менің басылып.

Тірі дүние, тірі жұлдыз, тірі кун,
Тірі жерде тірі жанның бірімін.
Айнала бер, дөңгелей бер бәңгілік.
Шексіздіктің шығар тілім тілімін.

Жылыдыққа суырылған жабысып,
Сырыменен һәм танысып, табысып.
Ққзбен көріп, оймен шолып, қиялмен,
Қиындықпен барамыз біз алысвп.

Жасап бізде мәңгіліктің ырымын,
Сап тыныштық кетіреміз тынымын.
Тәй-тәй басып айға бардық, әли де,
Талай жолдың қуырамыз апшысын.

Болмас кейде құлшынғанмен кейде ерік,
Бірақ космос сырларына біз жерік.



**Амантай Тоқбаев,
зейнеткер-мұнайшы, ақын**

Ашылмаған, ашылатын сырыңбыз,
Тұрсын ләйім, Жер күлімдеп, Күн күліп.

Шашырыңқы жыл -жылт еткен сан
жұлдыз,
Арасында Күн дегенде бар жұлдыз.
Қайсысында айтыңдаршы адамдар,
Жерін болып, адам болып біз жүрміз.

Өлсе біреу өлгендей
Өлсе біреу өлгендей,
Өз-өзіңнен өлгендей.
Есік ашып, жүр біреу,
Маза бермей өнмендей.

Өлсе біреу өлгендей,
Өз-өзіңнен көнгендей.
Талтаңдайды біреулер,
Мәңгілікке келгендей.

Өлсе біреу өлгендей,
Өлетінін сезгендей.
Жұмыр басты пенделер,
Түсінбейді-ау кез келмей.



Дидарғайып

Өндірісте өткен 45 жыл



«Өндірістік жұмыс - жартылай әскери жұмыс!»- деп білген Бекболат Нұрлыбаев өзінің 45 жыл өмірін осы мұнай өндіру саласына арнаған адал азамат.

Ол 1958-жылы 13-шілдеде Маңғыстау облысы, Ұштаған селосында мұғалімдер отбасында дүниеге келді. Өзге адамдар секілді мектепті бітіріп, Жаңаөзен техникумына түсті. Алматы қаласындағы Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университетін сырттай бітіріп, «Тау-кен инженері-мұнайшы» біліктілігін алып шықты.

Өзінің еңбек жолын 1975-жылы «Мангышлак-нефть» арнайы көліктер кеңсесі басқармасында көлік-жөндеуші болып бастайды.

Чехословакияда әскери борышын өтеп, елге аман-есен оралады. 1981-жылы мұнай саласына жөндеуші болып орналасады. ТТБ-да жүргізуші болып жүргенде 1983-жылы еңбекқор жігітті б айға әскер қатарына шақыртып, астық жинау науқанына қатысып келеді. Жігерлі жан өзіне тапсырылған қызметтерді абыроймен атқара жүріп, Өзен кен орнының дамуына өлшеусіз үлес қосады.

1984/1996-жылдараралығында «Узеннефть»,

«Мангышлакнефть» өндірістік бірлестігінде мұнай және газ өндіру операторы, МГӨ жөніндегі шебері, 1-дәрежелі МГӨ жөніндегі инженері қызметінде жемісті еңбек етеді. 1996/2004-жылдары аралығында «Өзенмұнайгаз» ӨБ, №1 МГӨБ-те 1-дәрежелі МГӨ жөніндегі инженері, цех бастығы орынбасары, цех бастығы қызметінде тер төгіп, жан-тәнімен аянбай еңбектенеді.

Азаматтың атқарған қызметтерін одан әрі санамалап шығатын болсақ, 2004/2011 жылдары «Өзенмұнайгаз» АҚ, №3 МГӨБ-те ОИТҚ бастығы, басқарма бас инженері болады. 2011/2016 жылдары «Өзенмұнайгаз» АҚ, №1 МГӨБ-те бас инженер, 2016/2018 жылдары «Өзенмұнайгаз» АҚ №1 МГӨБ директоры, өмірінің соңғы жылдары компанияның өндірісті жедел басқару департамент директоры міндетін атқарып, әділ басшы болды.

1993-жылдары шебер қызметін атқарып жүріп өзінен кейінгі інілеріне қол ұшын созып, ағалық қамқорлығын көрсетіп жүрді. Оған дәлел, Әділбек Олжабайдың «Мен мұнай саласына жұмысқа келгенімде, ол кісі шебер қызметін атқарып жүріп, менің ұстазыма айналды.» -деген сөзі дәлел.

Бекболат Нұрлыбаев қала мен өзінің туған

аулы Қызылсайдың дамуына, өсіп-өркендеуіне атсалысқан абзал азамат

Бүкіл ғұмырын Өзен кен орны дамуына арнаған азаматқа басшылық тарапынан берілген марапаттың өзі бір төбе. Абыройлы азаматқа 2020-жылы «Жаңаөзен қаласы құрметті азаматы» атағы берілді.

Інілерге ізгі аға, отбасында үлгілі әке, немерелеріне өнегелі ата, өзінің ақылын айтып, жөн сілтеп отыратын парасатты жан болатын... Өзінің туған аулына, қызмет етуді парыз деп білетін Бекболат Қызылсай аулының ақсақалдар кеңесі мүшесі де болды.

Әлемді жайлаған пандемия Қазақстанда да көптеген адамның өмірін алды. 2021- жылы 1-қыркүйекте асыл азаматымыздан айырылып қалдық. «Тас түскен жеріне ауыр» демекші, бір туар азаматтан айырылған отбасы қабырғасы қайысып қалды. Өзінің соңынан өшпес із қалдырған мұнай саласы жауынгерін компания басшылығы мен еңбек ұжымы үнемі еске алып отыратын болады...

Адам өмірі деген осы... Құйрықты жұлдыздай ағып түседі... Елге ортақ азамат еді... Ісімен, өнегесімен үлгі болған ағаның жарқын бейнесі біздің жүрегімізде әрдайым сақталады.





№10 (67) қазан 2021 жыл



Өзен 8

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ



АЛҒЫС

Алғыс айтамын!

Компанияға 20 жасқа толмаған кезімде, қатардағы еңбек технигі болып жұмысқа орналасқан едім. Уақыт шіркінге не дауа?! Зулап өте беріпті... Шынымды айтсам, 42 жылдың қалай өтіп кеткенін байқамай да қалдым.

Жұмыста жүріп кәсіби тұрғыда өстім, адамдармен жақсы қарым-қатынас жасап үйрендім. Қалақұраушы кәсіпорын «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы сияқты алып кәсіпорында жұмыс істеп, ел экономикасы дамуына қалқадірімше үлес қосқанымға өте қуаныштымын.

№1 МГӨБ-те жемісті еңбек ете жүріп, жақсылармен әріптес болдым. Дәмдес болдым. Жолдас болдым. Дос болдым.

Басталған нәрсенің бітетіні заңдылық... Менің де құрмет демалысына шығатын уақытым келіп қалыпты... Әрине, қимастық сезім бар. Сіздердей жақсы адамдарды жолықтырған тағдырыма дән ризамын. Алла тағалаға мың да бір шүкіршілік айтамын.

Есен Өтеев басшылық ететін қоғам еңбек ұжымына, Нұрбол Ділмағамбет басшылық ететін №1МГӨБ еңбек ұжымына, сан жылдар бойы қоян-қолтық жұмыстас болған Ахмет Қожанепесов, Сәбит Әлібаев, Анар Оспанова, Айткүл Жантілеуоваларға шексіз алғыс айта отырып, дендеріне саулық, отбасыларына амандық, қызметтеріне береке тілеймін. Аман болыңыздар, жақсы адамдар!

Айжан Жоламағамбетова, №1 МГӨБ есеп бөлімі бастығы



ҚҰТТЫҚТАУ

Құрметті Арқалық Алдиярұлы!


20 - жылдан бері жүргізуші-моторист болып, жемісті еңбек етіп келе жатырған Өзіңізді «ердің жасы» елуіңізбен шын жүректен құттықтаймыз. Отбасыңызда қуанышты, істеріңізде берекелі, күндеріңізде мерекелі шақтарыңыз көп болсын!

Құдай қосқан жұбайыңызбен тату-тәтті өмір сүріп, ұл-қызыңыздың рахатын көріңіздер! Басқармаға сіңірген еңбегіңіздің зейнетін көріп, әрдайым ұжымыңыздың ризашылығына бөленіп жүрген Сізге мықты денсаулық, зор бақыт, қажымас қайрат тілейміз! Үнемі шаңырағыңызды шаттықтың шырайы нұрландырып, абыройыңыз асқақтап, бағындырар белестеріңіз көп болғай!

Алланың берер несібесі арта берсін демекпіз!

Алғы күннен күтер әркім жақсы күн,
Келе берсін Сізге ылғи бақ күліп,
Қуанышпен көріп таңның арайын,
Жаратушы төксін игі жақсылық.
50 деген мерейлі жас ер үшін,
Еңбегіңіз еселенсін ел үшін.
Әлі талай қызықтарға кенеліп,
Бұл өмірдің көріңіз тек жеңісін!

**Игі тілекпен,
N5 СҚКБ еңбек ұжымы**



50 жас



Жан тану

ЖУЛЬЕН СМИТТИҢ АҚЫЛ-КЕҢЕСТЕРІ (америка жазушысы)



1. Бақытты, бай және тәуелсіз болғың келсе, мүмкіндігінше білімді болуға тырыс.
2. Мүмкіндігінше көп оқы.
3. Шығынды барынша азайт.
4. Үйіңе жаңа жиһаз сатып алғанша, әлемді аралап, шетелге барып келгенің жақсы.
5. Ұйқың тыныш болмаса, қолыңнан түк келмейді.
6. Қойын дәптерің болсын. Миыңа сенбе...
7. Әйтеуір бір саланың маманы бол.
8. Адамды түзеймін деп әуре болма.



Рухани азық

Кітап-адамды өзгертеді

Назарыңызға Бексұлтан Нұржекеевтің «Суретшінің көңілдесі» шығармасын ұсынамыз. Әсем десе әсем, сұлу әйелін Зақаш өмір бойы кім көрінгеннен қызғанып, ұрып-соғып, үш бала өсіп келе жатқан отбасының ойранын шығарады. Бұл 24 жыл бойы қайталанып келе жатқан көрініс. Ақыры соңғы соққысынан әзер есін жинаған Әсем ажырасуға бел буады.

«Құбылыс» әңгімесінде жылдар бойы балалы-шағалы болып отасқан әйелін тастап, басқа жас әйелден опа таппай, сергелдеңге түскен еркек тағдыры суреттеледі. Сезімге тұрақтылық, отбасылық жауапкершілік сияқты керемет қасиеттердің құны түсіп, арзандаған тауар сияқты болуы көңілге кірбің ұялатады...

Оқыңыз, өкінбейсіз!



(1941-жылы туған)

* Оймақтай ой

«Адамды құртатын оның жауы емес, өзі».
Будда



«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

Меншік иесі: «Өзенмұнайгаз» АҚ
Редакция мекен-жайы:
Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қ.,
Сәтбаев көш, 3-үй, 426-кабинет

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінде есепке алынып, №15077-Г куәлігі берілген

Жобаның жетекшісі
Жұртшылықпен байланыс департаменті
Бас редактор **Бибігүл Бөбекбай**
Пошталық мекен-жай: Psdso@umg.kmgp.kz
Журналист **Айнагүл Күшікбай**
Пошталық мекен-жай: zhzh-zhurnal@mail.ru
Сарша Сүгірәлі, gauhar.kenshilik@gmail.com

«АртДизайн» ЖШС
баспаханасында басылып шығарылды
130000, Қазақстан Республикасы, Ақтау қаласы 17 ша,
«Дукат» ғимараты, 1-мұнара, 0/3 кеңсе
Тел: +7 (7292) 525-500
Таралымы: 3000 дана
Газет 2016 жылдың тамыз айынан шыға бастады
айына бір рет шығады